



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak\_uni@mail.ru

№48 (9026)

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

СЕНБІ  
2 шілде, 2022 жыл

## Алтын көпір басылымының арайлы мерекесі



Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері мереңесіне орай аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жергілікті басылыымда ғылыми күні қызмет атқаратын журналистер мен ұзақ жыл осы салада қызмет еткен ардагер қаламгерлерді қабылдап, марапаттады. Байырғы бас редактор Қасымжан Өмірұлы айтқандай Тәуелсіздік таңындағы отыз бір жыл ішіндегі «төғөзын-

лар бұл қабылдаулардың еткен қабылдаулардан өзге-шелігін іштей салыстырыры сөзсіз. Десе де сыйға құрық бойламайды демекші аудан басшылығы тарапынан болған ізет пен құрметке алғыстарын айтып, ақ бата-сын берді. Өз кезегінде аудан басшысы да журналистарға жылы лебізін білдірді:

- Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өмірінде орны ерекше.



шы әкімнің» қабылдауы өзіндік салтанатымен, айта жүрерлік ізgi салтымыз негізінде етті. Расында қабылдауға келген азаматтардың ішінде Ескер, Қалман, Қасымжан, Қалдыгул ағай-апайларымыз сияқты сол тоғыз әкімнің қабылдауын көрген немесе аудан әкімнің қабылдауына өмір жолында алғаш рет келіп отырған көк өрім ақпарат қызметкерлері де болды. Әрине, көпті көрген қария-

қалам мен қағазын алғып, жақсы жаңалықты халыққа жеткізіп жүретін журналистер қауымын қашанда құрмет тұтамыз. Себебі билік пен бұқаралық байланыстыратын алтын көпір-баспасөз саласының майталмандары. Бұгінде аудандық басылыым «Созак үні» газеті өнірдің шамшырағы. Өткен тарихымыздан сыр шертіп, жағымды жаңалықтарды жариялады, оқырмандардың ықыласына бөлініп келеді, деді аудан басшысы.

Мұхит Сексенбайұлы салтанатты түрде, жемісті еңбек еткен «Созак үні» газетінің қызметкерлері мен ардагер журналистерге Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасы басшысы мен аудан әкімінің құттықтау хаттарын табысады. Қабылдау барысында ардагер журналист Ескермес Жақанов, Қалман Ерденов, Қасымжан Өмірұлы, редакция қызметкерлері атынан бас редактор Сәрсенбек Теңізбаев, аға тілші Нұржамал Майусова сөз сейлеп, ойда жүрген ұттымды ойлары мен пайымды пікірлерімен бөлісті.

\* \* \*

Осы күні Созак аудандық сотының төрағасы Ақылбек Дәуренбеков пен сот ұжымы КСРО және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, аудандық басылыымның байыры бас редакторы Қасымжан Өмірұлын қабылдап, бұқаралық ақпарат қызметкерлері күні мереңесін құттықтап, ұжым атынан сый сияпат жасап құрмет көрсетті.

\* \* \*

Сондай-ақ аудандығы Со-зак аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы Бағдат Тас-болатов пен басқарма қызметкерлері «Созак үні» редакциясына арнайы кепіл басқарма басшысының атынан шығармашылық ұжымға алғыс айта отырып, бірқатар газет қызметкерлердің айтұлы мерекелерімен құттықтады.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

Өткен жылы Қазақстан-ның Каспий маңы елдерімен өзара сауда-саттық көлемі шамамен 3,4 миллиард долларды құрады,

шығынмен өсіруге мүмкіндік береді», деді Президент.

Осылан орай Қазақстанда азық-түлік тауарларын қоймалау, сақтау және са-

## Президент Каспий маңындағы елдердің азық-түлік хабын құруды ұсынды



оның 70%-ы Ресей мен құрлықтағы бағытқа тиесілі. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ашхабадта өтіп жатқан Каспий саммитінде айтты, деп хабарлайды Егemen Қазақстан ет және сут өнімдерінің экспортын арттыру үшін үлкен әлеуетке ие. Мемлекеттеріміздің сауда-саттық өзара іс-қимылын нығайту үшін қазіргі заманғы логистикалық инфрақұрылымды дәйекті түрде дамыту қажет. Сондықтан біз Каспий маңы азық-түлік хабын құруды ұсынамыз. Ол өзара тауар айналымын ең аз

тудың технологиялық дамыған жүйесі бар заманауи көтерме-тарату орталықтарының құрылышы басталды.

«Бұл орталықтардың Каспий маңы азық-түлік хабымен жүйелі интеграциясы фермерлерді, сатып алушыларды, тасымалдаушыларды, сатушылар мен тұтынуышылардың імдіктерінде кооперациялау үшін жаңа мүмкіндіктер ашуы мүмкін және еңбастысы - барлық жеткізілетін өнімді өткізуіндегі сенімді кепілдіктерін қамтамасыз етеді», деп қосты Мемлекет басшысы.

**«Егemen Қазақстан» газетінен.**

## Баспасөз-2022

**2022 жылдың екінші жарты жылдығына аудандық «Созак үні» газетінен жазылу алдағы үақытта да жүргізіле береді**

**«Қазпошта» арқылы**  
**Жеке тұлғалар үшін- 2279 теңге 64 тиын,**  
**Мекемелерге-6759 теңге 24 тиын**  
**«Ернұр Пресс» арқылы**  
**Жеке тұлғалар үшін-2304 теңге.**  
**Редакция арқылы**  
**Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.**

## Аудан әкімі ауыл халқымен кездесті



Өткен аптада Шолаққорған ауыл әкімдігінің ауласында аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының халықпен кездесуі болып етті. Аудан басшылығына келгеніне бес ай толған Мұхит Сексенбайұлы осы уақыт аралығында атқарған жұмыстарының есебін беріп, алдағы уақыттарда іске асыруды ниеттеп отырған жоспарларымен бөлісіді мақсат еткен бұл жыныға Шолаққорған ауылдық округіне қарасты елді мекендердің тұрғында-

ры келіп қатысты. Сондай-ақ, есепті жиынға аудандық мәслихаттың хатшысы Байғараев Бегімбет, аудан прокуроры Ержан Қожабеков пен бөлім және мекеме басшылары келді. Ашық алаңда, ашық форматта өткен жиында аудан әкімінің өзі ашып, әуелі жиылған көпшілікпен амандастып, жағдай сұрасып алды. Соңан соң барып есепті мерзім аралығында атқарылған жұмыстарының есебін берді. Артынша мұнан былайғы жерде жоспарлап отырған

жұмыстары жайлы сөз етті. Мұнан кейін ауыл тұрғындары кезегімен сөз алып, саудардын берді және өтініштілектерін білдіріп жатты. Жиында көбінесе, ауылымыздың инфрақұрылымына, ауылшаруашылық саласы мен көркейту- көгалдандыру және тазалық мәселесі сөз болды. Сондай-ақ, аудан тұрғындарына, кәсіпкерлер мен шарақожалықтардың иелеріне үй іргелік, кәсіптік бағыттағы және ауылшаруашылық бағытындағы жерлерді беруде кетіп жатқан қателіктердің арты азаматтардың арасында дауға, сottасуға ұласып отырғаны да сөз болды. Көшліліктің сауалдарына жауап беріп, өтініш- тілектерін тыңдаған аудан әкімі шешілуі табылатын мәселелердің барлығын тиісті бөлім және мекеме басшыларына тапсырды. Ал, шешімі қарастырылуы тиіс мәселелерді де назарында ұстайтының айтты. Сонымен, бір сағаттан аса уақытқа созылған жиын аяқталды.

**«Созақ үні»- ақпарат»**

Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейі қызыметкерлері, директоры Ниязәлі Дүйсенбеков бас болып, журналистердің кәсіби мереекесіне орай «Бізде қонақта - «Созақ үні» атты мереекелік іс-шара ұйымдастырып, аудандық басылым жауып, лайықты құрметтін

## Султанбек мұражайында



қызыметкерлерін арнағы шақырып құрметтін көрсетті. Шара барысында музей басшысы Ниязәлі Дүйсенбек құттықтап, басылымың ел өміріндегі рөлі, журналистердің есептің енбектері жайлы әңгімелеп, шығармашылық табыстар тіледі. Аудандық басылымың редакторы С.Тенізбаевтың мереейлі 60 жасына орай музей директоры ізгі тілегін жеткізіп, мерейтой иесінің иынына шапан жауып, құттықтау хатын тапсырды. Өз кезегінде сөз алған «Созақ үні» газеті редакциясы» ЖШС серіктестігінің директоры

көрсете білді. Және айтулы мереке құрметтіне мереекелік шара ұйымдастырығаны үшін музей ұжымына алғысын жеткізді. Газет ұжымын еңбек ардагері Мұхамедәли Иманбеков, аудандық әйелдер кеңесінің тәрайымы Гулдана Биғондиева құттықтап, аудандық басылымың өмірдегі өзіндік орны жайлы әңгімеледі. Кеш барысында мереекелік дастархан басында ән шырқалып, жылы лебіздер айтылды, естелікке суретке тусты.

**«Созақ үні»-ақпарат».**

## Көне Созақ өлкесімен танысты



Кулактар, байлар, (орта шаруалар) және шаруалардың ақталмаған құғын-сүргін құрбандарын зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі; Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеттің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Жәкішева Сауле Әукеңқызы. 2022 жылдың 13-24 маусым аралығында Түркістан облысына іс сапар мен келді. Жұмыс жоспары 1926-1930 жылдар аралығындағы кулактар мен байларды, орта шаруалар шараушылығын тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы Аса ірі және жартылай байларды тәркілеу және сонымен қатар. 1930-1931 жылдары аудандардан басқа қалалар мен республикаға кеткен бай-кулак қожалығы Олардың Ташкент, Бұқара, Әндижан, Жалалабад, Шымкентке қоныс аударғандығы туралы құжаттармен танысып, көшірмелерін алды.

1928-1929 жылдары Созақ, Түркістан, Жаңақкорған, Мерке, Қарспан, Талас, Шаян, Бадам, Қызылқұм, Келес, Қаратас, Үрдіжар, Тұлқібас сияқты 13 ауданнан 1-санатта бай-кулактар мүлкі тәркіленсе, екінші санатқа іліккендегі туралы, Сырдария округының Түркістан үezінің Созақ, Шаян болыстары бойынша сол кезеңде тәркіленген байлар мен жартылай байлар туралы. Сотталған кулактар тізімін және отбасымен құғынға ұшырағаны туралы құжаттармен танысу үшін 15-17 маусым,

22-23 маусым күндері

Стадион. Музейде тарихи мұраларды сақтау үшін барлық жағдай жасалған. Ортағасырдан жеткен жәдігерлер, қазан төңкөрісіне дейінгі жергілікті халықтың тұтынған заттар мен бал-бал тастар қойылған. Жергілікті қүйіш, ақын-жазушылар, спортшылар тұтынған құнды дүниелерінен Сұлтанбек Қожанов атындағы Созақ аудандық тарихи-өлкетану музейінің экспкурсовод қызыметкері Гүлнэр Әмірбек Есіркепқызы таныстырыды. Рахима Бакрамқызы басқарып отырған архив мекемесіне барып құжаттармен танысып, Рахима Бакрамқызы өз атасы Отаубаев Балажан ірі бай болғанын тәркілеуге ұшырап отбасымен Ташкентке көшкені туралы айттып, отбасылық құжаттарымен таныс-

тырып, алдағы уақытта құжаттар толық жинақталып болғасын архив қорына өткізетіндегі айтты. Сәуле Әукеңқызы естеліктерін виdeoға жазып алды.

Тарихқа жүгінсек, Созақ ауданы 1928 жылы осы өнірді мекендерген алты ауыл мен Жылыбылақ бөлісі негізінде құрылған екен. Қарапайым қалыпқа салсақ, осы күнге жеткендер бар, ал, жете алмай жеткендер қаншама?! «Су ағады, табанындағы тас қалады» демекші, осы уақыт аралығында бұл ауданға кімдер басшылық етпелі? Осынауга сырға жуық мерзімде бұл өнірдегі халықтың басынан нелер келіп, нелер кетпеді.

Созақ өткен ғасыр да еліміз бойынша кеңестік жүйенің озбірлігін ең көп көрген өнірдің бірі. Мал-мұлкі талан-таражға түсіп, түрлі салықтан әбден қажыған халық сол жылдары бас көтерді.

Тарихта «Созақ көтерілісі» деген атпен қалған қанды қырғын- бостандыққа ұмтылған елдің жанайқайы еді. Елдің азаматтарының қолдауымен салынған «Созақ қасиеті» мемориалында болдық.

Қараобра (шамамен XI-XII ғасырларда өмір сурғен) - оғызы-қыпшақ заманындағы діни қайраткер, Әулие-Ата, Шу, Талас, Сырдария, Еділ, Жайық өзендерінің бойында өмір сурғен. Жұмыс тобы осы кесене басына барып зиярат етті.

Тарихи маңызды ие болған қала Созақ – Қазақ хандығының ең бірінші астанасы болған қала.

Созақ, Хұзақ - ежелгі қала орнын арлады. Қала 13 ғасырдың жазба деректерінде Хұзақ деген атпен аталады, ал 16 ғасырдан бастап Созақ деген атпен белгілі. Біз көптеген қыш заттар, хұмдар — тамақ, астық сақтауға арналған ыдыстардың сыйған беліктерін көрдік. Естелікке бірнешесінан бұйымдардың беліктерін алдық. 1930 жылы Созақ көтеріліс кезінде қатысқандарды, жазалаушы қызыл әскер отряды атып осы құдыққа тастаған екен. Құдық қазір таңда қоршалған. 2 ғасыр тарихы бар Шайқы Ахмет мешіті Созақ өнірінде үлкен әүлелердің бірі болған. Осындағы көрімет іс-шараны ұйымдастырыған Созақ аудан әкімінің орынбасары Ақаділ Сатыбалдығы мен ішкі саясат белімінің басшысы Мерей Ниязәліхұна, Созақ ауылдық округі әкімінің орынбасары Жомарт Байқөбековке, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің Созақ, Бәйдібек аудандарындағы меншікті тілшісі, «Созақ үні» газетінің Мақсат Қарғабайға, өлкетанушы Мұхтар Алдабергенге ерекше алғысымызды айтамыз.

**Гүлнара ШАРДАРБЕКОВА,**  
**Түркістан облысының қоғамдық- саяси тарихының мемлекеттік архив басшысы, Түркістан облысының жұмысшы то-бының жетекшісі.**

# „Менің жаңығы – аққудың қауырсыны“ ...

... Құран айтса,  
Қасарыспа,  
«Жән» деңдер!  
«Ақындарға ерме...» десе,  
- ермендер!  
(Өлеңін сүй, өзін сүйе  
көрмендер!)

Ұққын бірақ:  
Қасиетті құранда:  
«Ақындарға, - деген сөз  
жоқ сенбендер»

... Бақыттылар – пайғам-  
барға ергендер,

Бақыттылар – ақындарға  
сенгендер!...деген жер-  
лесіміз, Қазақстан Респуб-  
ликасының мәдениет қай-  
раткері, Қазақстан Жазушы-  
лар Одағының, Журналисте-  
р Одағының мүшесі, Бүкіл  
туркі дүниесі ақындары фе-  
стивалінің женімпазы ақын,  
журналист Төреғали Тәшенов

мерейлі алпыстың  
асқарында.

Оу, менің шабыт құсым,  
шабыт құсым,

Кеудемде қайда шығар

жарып күшін?

Бір келер аңсап жүрмін  
шабытты шын,

Сен неге қонбай жүрсің,  
лағып құсым? – деп  
толқыған бірде,

Сырынды өлтірсең де  
ішіндегі,

Тіріліп, бір күн шағар, тусін  
сені.

Қасірет – таба алмасаң  
тілейтінің

Талпынған кеудендегі  
құсыңың нені...депте  
аққағазға сырын тегіп ақта-  
рылған Төреғалидің ғұмыр-  
жолына көз салсақ, 1962  
жылы 23 ақпанды Созақ ау-  
даны Қарабұлақ ауылында  
дүниеге келген. 1979 жылы  
қазіргі Т.Әлімқұлов атын-

дағы мектеп – интернатты  
бітірген. Жасынан әдебиет-  
кеңімар Төреғали Абай  
атындағы КАЗПИ – дін фи-  
лология факультетінде  
оқып, бітіреді. 1987 –  
2000 жылдар аралығында  
ұстаздық етеді, 2000 жыл-  
дан бастап «Қаратая  
кеншісі» газетінде, «Қазақ  
елі», «Қазақстан – Заман»  
газеттерінде қызмет жа-  
саған. 2004 жылдан бастап  
«Айқын» республикалық  
қоғамдық - саяси газетінде  
әдебиетжөне тарих белгілінің  
менгерушісі қызметін атқар-  
ды. Төреғали Тәшенов «Со-  
рос – Қазақстан» қоры  
ұйымдастырыған «Қазақ әде-  
биеті – 2000» байқауының  
женімпазы, Н.Төреқұловтың  
110 жылдығына арналған  
республикалық мұшәйраның  
жулдегері, қазіргі Туркістан  
облысының «Облысқа  
сіңірген еңбегі үшін» ме-  
далінің, Алматы қаласының  
«Баспасөздегі үздік журна-  
лист» номинациясының ие-  
гері.

«Аққудың қауырсыны»,  
«Жаурақтан жапырақтың  
көлөңкесі», «Тәуелсіз елдің  
талайы», «Сарғалдақ»,  
«Сана мен саясат»,  
«Қаражердің кіндігі» атты  
кітаптары жарық көрген.  
Осынау жалаң деректердін  
ар жағында ұстаздық бей-  
нетіде, шығармашылықтың  
да ерек жылдары жатыр.

Адамдар асығады,  
Алла асықпайды,  
Әркімнің кеудесінде қасық  
қайы.

Талабың тассын қанша,  
Талайынан,  
Алмассың, ала алмассын



асып бәйті – деген ақындар  
алып ұшқан асасу сезімнен  
ғері іштей толқыған, өзімен  
өзі алысқан, күдік – күмән  
жарықсан ойлы сезім ба-  
сым. Төреғалиды шын тану  
үшін шынайы ықыласпен  
оқып, жүргінген өткізуің ке-  
рек. Алғашқы сәттен-ак  
аңтарылып барып, алғаусыз  
еріп жүре бергенінді анда-  
май да қаласың. Өлеңнің  
тылсым күши, қасиет – қадірі  
деген осы шығар дейсің.

Бар болса бала кезім ес-  
терінде,

Қыздай бол сыңық мінез  
еспедім бе?

Қара жер қозғалар ау,  
бірақ дағы,  
Қозғалмас Төреғали дес-  
педің бе?

Тұған жер тұнықтықтың  
кенеді құт,  
Мен жайлы алаң қөніл  
жоқ еді түк.

Ұйыған уыздай ем тыныш-

тықта,

Тартыпты негізіне дер еді  
жұрт. – деген ақынның шу-  
мақтарында елге деген  
алғаусыз сезім жатыр, елге-  
деген сагыныш, азаматтық  
әуен бүкіл шығармашылығы  
нан есіп тұранын  
көреміз. Төреғалидің ақын-  
дығы өзгеше сырь тұнық,  
нағыз кемеліне келген,  
қаламық алып тасқан, өзінді  
көрнегімен өрілген бір дүние  
кенине оқыған сайын қаныға  
түсеміз:

Қаратая –  
Созақтың керме қасын-  
дай,

Аспан мен Жер жарапған-  
да,

Ортасында қалған  
Ашылмай –

Құдайдың қайғысы тұнған  
қара тасында... дейді ақын  
жүрек. Сағыныш – сыр,  
мұншыл лебіз... перзенттік  
асқақ сезім...

Дөңгелеп дүние, тұз –  
қырат,

Даланы бір от маздатты.

Жұсанның ісі бұрқырап,  
Сағынышымды боздатты...

– дегені,

әбектей берер сары уайы-

м емес... мөлдіреген арман,  
сағындыра тұсіп, сыр шертү-

басым... тасып – төгілген-  
сезім... Бұл Төреғалидың ой

– теңізі, тереніне бойлау –  
оқырман еншісінде. Ойлы

да сыршыл лирикасымен,  
толғауы терең, парасаты

пайымды – әдеби

ізденістерімен белгілі Тәкен-

достық әзіл өлеңдерімен де

шығармашылық ортада та-

нымал. Бұл да қаламерлік

қырының тұщымды тұсы.

Иә, бірнеше кітаптардың ав-

торы, баспасөз бетіндегі то-  
лымыда да да ойлы мақала-  
ларымен де елді елең  
еткізіп жүрген Текенің  
каламы қарымды, жазары  
мол, алға алда деп, бір – екі  
ауыз тілегімді бізде білдіре  
кеткенді жөн көрдік:

Төреғали ініме

Күш симап еді қарына,

Таптың ба дауа жаңына,

Созақтың ақын баласы?

Алауды арман, асқақ нұр,  
Ақындық жолы өзгеше.

Ауылды, бірақ, аңсап  
жыры,

Сыңқиды, сезем күй не-  
ше?

Естеме алға бұла күн,  
Атбасын келіп бұратын.

Күмбірлел Қарабұлағын,

Жолыңды тосып тұратын?

Тұған жер, ата мекенін,

Жаныңа жалау мәңгілік.

Ғұмырын жалғап әкенін,

Арманың айтар, ән қылып!

Рұхымен ерке Есенин,

Сырласуыш еді бала  
ақын.

Кешегі албырт Тәшенин,

Тәшенов бүтін – нар ақын!

Жырыңа орап сырынды,

Өркендей өрлі өнерін.

Көрсетпей жүдеу түрінді,

Жарқырай берсін өлеңін!

Иә, Текене тілегіміз мол,

ілтиппатымыз шынайы.

Алда шығармашылық байқтер,

аларасулар мол болсын-

дейміз, Созақ елі болып

құттықтаймыз.

Жол түскенде елге де келіп, дидарла-

сар фанибет жүздесулер бол-

лар әлі...

**Гүлнар ӘМІРБЕК,  
Қазақстан Жазушылар  
одасының мүшесі**

Ризашылық білдіреді

## Аудан сотына алғыс

### айтамын

Газет редакциясына Шо-  
лаққорған ауылының тұрғыны, 1969 жылы туған Оспанов Рустем Рахымберділұыл деген азамат хабарласты. Рустем Рахымберділұыл 2021 жылдың сәуір айына дейін Тайқоңырдағы АО «Волковгеология» Оңтүстік ВД- деп аталағын мемеде Жетекші энергетик болып жұмыс жасап келіп, жұмыс беруші тарапынан заңсыз шеттетілген екен. Содан осы 2021 жылдың 18 мамырынан жұмыстын шығарылады. Отбасының асыраушысы, заңсыз жұмыстан шығарылған Оспанов Рустем бірден Созақ аудандық сотының арасында арызданады. Не керек, бір жылға созылған аудандық сотың тәрагасы Дәуренбеков Ақылбек Сергеіұлы жүргізген сот процесі әділ етеді. Нәтижесінде, Ақылбек Сергеіұлы 2022 жылдың 21 маусымында араға жыл салып, Рустем Рахымберділұына бұрынғы қызметіне қайта тағайындалуына және жұмыс берушімен екі жақты келісімнің арқасын айлық жаляқысының белгілі мөлшерін қайтарып беруге үйғарып шығарып береді! Қазіргі таңда Оспанов Рустем бұрынғы қызметіне қайта

оралып, жұмысын жалғастыруды. Осы себепті де біздің редакциямыз арқылы аудандық соттың тәрагасы Дәуренбеков Ақылбек Сергеіұлына өзінің ризашылығын білдіріп, Қазақстан Соты менен судьяларының кәсіби мерекесімен құттықтауды ниет еткен еді. Рустем Рахымберділұыл аудандық сот тәрагасының сот процесін жүргізудегі кәсібілігіне, әділдігіне дән риза.

Міне, ағайын! Президент айтыйп, халқымыз армандаған Жана да Әділліті Қазақстан осы, Ақылбек Сергеіұлы секілді әділліті сот тәрагалары мен судьялардың сот процестерін кәсіби деңгейде, әділ жүргізуінің нәтижесінде орнайды!

Осы ретте біз, «Созақ үні» газетінің жұмысы да барша Қазақстан Сот жүйесінде жұмыс жасап жатқан азаматтарды, Созақ аудандық сотының тәрагасы Дәуренбеков Ақылбек Сергеіұлы мен ол кісінің жұмысын кәсіби мерекелерімен құттықтап, еңбекте табысты, сотта әділ болупарына тілек-теспіз!

**«Созақ үні»-ақпарат».**

Ж.НЫСАНБАЕВ,  
Созақ АПБ бастығы  
полиция подполковник.

# Созақтың Садриддинің тағы да чемпион атанды



Жалпы, Садриддин деген есімді естіген бокс сүйер қауымның ойына бірден Жетісайлық жерлесіміз Садриддин Ахмедов оралары анық. Бар-жыны 31 жастағы боксшы аз уақыттың ішінде Қазақстанның бокс сүйер қауымның, әлем жүртшылығының аузызына ілгіп үлгерді. Өзінің бокстағы жетістіктерін бірден кәсіпкой бокстан баставан қазақтың Садриддинің қазіргі таңға дейін жастар арасында WBC Youth World чемпионы, WBC Asia; WBA Continental; NABF; WBC Francophone –тің алғашқы орта салмақтағы чемпиондары атандып үлгерді. Тіпті, соңғы кездері Садриддиндің әлем жүртшылығы «Мексика боксының әзірелілік» деп те атап жүр. Себебі, Садриддиннің кейінгі кездердердегі жеке-жектерінің көбісі осы Мексика боксының жарық жүлдемдерімен етіп жүр және барлығы дерлік қазақстанның боксшының пайдасына шешілді. Бірсөзben айтқанда, қазақтың Садриддині әлемдік бокста атой салып, өзінің атын күллі жиһанға жарнамалап үлгерді.

Ал енді, Созақтың Садриддині жаңа жанып келе жатқан жүлдэз десек, артық айтқандық емес. Негізінен, мен Созақтың Садриддин жайлы бұрындары да жазғанмын. Дегенмен, бұл

жолы тағы да қолыма қалам алдырып отырған жайт, жуырдаға Созақ боксының құрылтайшысы Самат Сармантаев пен бапкер Асқар Атабаев екеуі жандарына Садриддиндің ертіп редакциямизге келуі еді. Қастарында сол Созақтың Садриддині болды, қолында диплом, ал белінде чемпиондық белбеу бар еді. Екі бірдей арда, ардагер бапкердің жүзіндегі қуаныштан олардың редакциямизге не үшін келгенін аңғару аса қының іс емес еді. Созақ үні газетінің редакциясын екінші үйлеріндегі сезініп қалған Созақ боксының майталмандары амандық-саулықтан соң, қарсыма отырып, келген жұмыстарының жайын әңгімелей бастады. Сөздерінен үққаным, Маусым айының 13-18 аралығында 2022 жыл Балалар жылы, ТМД халық шығармашылығы және мәдени мұра жылына, Сиднейолимпиадасының және Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, «Парасат» орденінің иегері, «Оңтүстік Қазақстан облысы мен Мақтаратал ауданының құрметті азаматы» ҚРЕССШ Ділдабеков Мұхтарханың жүлдесіне арналған бокстан жастар арасындағы Х халықаралық турнирден келген беттері екен. Аты айтып тұрғандай, халықаралық турнир болған соң Қытай,

Иемен, Қырғызстан мен Өзбекстан секілді алыс-жақын шетелдерден және республикамыздың әр облыстарынан кілең кіл мықтылар келетін бесенеден белгілі. Сол әлем боксының жаңа жанып келе жатқан жарық жүлдемдері жылыған жарыс додасына Туркістан облысының құрама командасын бастап біздің жерлесіміз, Созақтың Садриддин Абдулла да барған екен. Киелі Туркістанның, сырлы Созақтың атынан барған соң Садриддин баламыз өзі ойын көрсеткен 71 келі салмақта қарсыласшақ келтірмей, чемпиондық атақты иемденіп қайтыпты. Садриддин мен оның бапкерлері Самат Сармантаев пен Асқар Атабаевтың әуелі Созақ аудандық БЖСМ-нің директоры Байтараев Айтере ағай мен орынбасары Қалиев Соңақбай екеуі қабылдап, ыстық ықыластарын білдірген көрінеді. Жалпы, Садриддиндің Созақтың деп атауымыздың екі түрлі себебі бар. Біріншіден, барлық Созақ ауданының тұрғыны сияқты ол да Теріскейдің тұмасы. Екіншіден, Созақ ауданының алғашқы орталығы,

Қазақ хандығының астанасы көне Созақ шаһарында (ауылында) дүниеге келіп, есіп-өнген азамат. Бапкерлерінің айтуыша, Садриддин бала күнінен суга жүзмен және атқа шабумен әуестенген көрінеді. Ауылындағы бәйгешіл аты бар, қалталы азаматтар жүйрік тұлпарларының тізгінін басқа емес, нақ осы Садриддинге бергенде дұрыс көретін көрінеді. Өйткені, біріншіден, шабандоздық машиғы мықты, екіншіден жауапкершілігі мол балаға ұқсайды. Кейіннен, ауданында бокс секциясы ашылып, Созақ ауылына жетеді. Міне, сол Созақтың балының боксшыларды баулып жүрген бапкер жігіт Асқар Атабаевтың жаттығуына 2004 жылы туған Садриддин Абдулла да келеді. Жақсы бапкер балығын боксшылар арасынан жүлдем жанатыны тани білген бапкер. Осы орайда, Асқар Садриддиннің болашағынан үлкен үміт күттеге болатынын аңғарып, досы әрі әріптесі Самат Жетілгенділінә көрсетеді. Содан бастап қос бапкер шәкіртінің спорттағы жолын ашумен келеді. Нәтижесі де

жаман емес, бар-жоғы 18 жасар жарық жүлдеміз күнін бүтінге дейін Туркістан облысының бі дүркін, ҚР-ның 10 дүркін және Қазақстанның 2 дүркін чемпионы атандып үлгерді. Міне, енді оған Х халықаралық турнирдің чемпионы атағын қосыңыз. Бұдан бөлек, Шымкент қаласындағы Туркістан облысы Бекат Саттарханов атындағы дарынды балалар спорт-интернатын 5 жыл оқып шықкан Садриддин небері 18 жасында бокстан ҚР-на еңбек сіңірген «Спорт шебері» атағын алып шықты. Бұл аз болғандай, қазіргі таңда Теріскейдің толагай ұлы Туркістан облысы құрама командасының капитаны, ҚР-сы құрамасының мүшесі болып үлгерді.

Сез соңында бапкерлерінен Садриддиннің болашағы жайлы жоспарлары жайлар схрап едім, бұл ретте үлкен-үлкен жоспарлары барын айтты. Эрине, ол үшін ерен еңбек, мықты қолдау қажет екендігін де айтты етті. Менің ұққаным, қос бапкер де бокс алемінде тағы бір жүлдем жанатынан және оның қазақтың, Созақтың жүлдемі болатынан үмітті. Ал, әзірше Самат пен Асқар Садриддиндің Туркістан облысы Спорт және Туризм академиясына оқуға түсіруді жоспарлап отырған көрінеді. Енде, біз де барша Созақтың спортшылардың тілеуқоры, насиҳатшысы ретінде барша Теріскейлік темір жұдырық иелеріне, талантты тренерлеріне және Созақтың Садриддиннің жемісті болуарына, турнирлерден табысты оралулашына тілекtes екенимізді білдіреміз! Созақтың Садриддини Созақтың даңқын арттыра берсін! Бұйыртса, балың боксшымыздың Азия мен Еуропа, Әлем және Олимпиада чемпионы болғанының куәгері, насиҳатшысы болып жүре берейік! Женісті күндерде жолықсанша ағайын!

**Данияр БЕК.**



## Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетілді

Аудандық «Ауыл» партиясы ауданымыздың аз қамтылған әлеуметтік тұрмысы тәмем отбасыларға 100 қап картоп тарратты.

Аталған көмекті Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаты, Сарыағаш аудандық «Ауыл» партиясының тәрағасы, «Қуан» шаруа қожалығының тәрағасы Тұрдалин Қуандық Әшірбекұлы көрсетіп отыр. Отырап, Бәйдібек, Созақ аудандарына өзінің шаруа қожалығынан алғынған картоптан жалпы көлемі 300 қап өнім берген,



яғни әр ауданға 100 қаптан тиіп отыр. Демеуші есебінен жіберілген көмекті Шолаққорған ауылы ішінде Созақ аудандық «Ауыл» партиясының тәрағасы Амангелді Бабиев, «Ауыл» партиясынан сайланған аудандық мәслихаттың депутаты Мейрамбек Ермаканов және «Ауыл» партиясының басқа да мүшелері, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары берілген тізім бойынша қаптарды үlestіріп шықты.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**

# "Халқымның адалдадым құрмет сыйын..."

Ажалдан аман болса тірі жүріп.  
Тұысқаны тоғыз, он болғанменен.  
Бірге барып жатқан кім көріп кіріп.  
Мысалменен бәрін айтып отырсаң да.

Біздік сүт сияқты кеткен іріп.  
Құран оқып кеүілді тіріге айттар,  
Жатқа жүкті не қылсын кеткен үйіп.  
Егелік қып болмаса тұрган адам.  
Затынды әркім көрсе қоған жиып.  
Ажал арман кеүілде кептес қайғы.  
Бала артында қалмаса атқа мініп.  
Арты жағы қарияның той болсын деп,

Ат жалын бозбалалар келсе туїп.  
Қызыны дүниенің болар еді,  
Тұысқаның балаң қап тұрса сүйіп.  
Құран оқып келгеннің дұғасын ап,  
Ұлманым шәйін берер дайын тұрып.

Шаршады шабуылменен  
қылдарым,  
Бастағаның бәрін де баяндадым.  
Әшкере жасырын сыр қалмады іште.

Қағазға бәрін жазып тәмамдадым.  
Мұңым тола қайғы көп көнілімде,  
Алдынан тілеп тұрмын сенімімді.  
Салаут құран оқып бағыштаңдар,  
Ажал кеп қылса ада әмірімді.  
Өлімнен құтылған жоқ ешбір адам.  
Не сахи шәйт молда бақыл сараң.  
Халық аузында жүретін сөзбен қалсын.

Ғайып боп көздерінен укетсе харам.


Бар жұмысты тұрамын тағдырдан деп,

Несіне қапа болам жоқ деп балам.  
Бір мен емес көнілінде қайғы кеткен,  
Әмір бірдей өтіп тұр аз бен көппен.  
Естерінде боп жүрсін менің зарым,  
Бір күні орын алып кетсем іштен.  
Қайғыға жан болдың қажымаған.  
Тірі болып отырмын әзір аман.  
Естерінде боп жүрсін менің зарым  
Уақытым болған күн ажыраған.

## АДАМНЫҢ ӘМІРІ

Құрсағына анамның  
Сурет болды атамнан.  
Бір тамшы су салынып.  
Тоғыз ай он күн толғанда.  
Жан болып келдім дүниеге.  
Бетімнен перде алынып,  
Үл туды деп ата ана.  
Жама ағайын қарындас.  
Жүргөрі тұрды жарылып.  
Тұншықсан демнен құтылып.  
Көзімді аштым көруге.  
Жарықты жүрген сағынып.

Екі емшектен нәр алдым.  
Табигаттың тәртібі.  
Сүт келіп тұрды ағылып.  
Қолға алса жылап іңгелап.  
Анамның тапқан амалы  
Бесікте жаттым таңылып.  
Бірге жасым толғанда.  
Алпып тапыл жер бастым.  
Екі аяқ тұрды жаңылып.  
Екінше жасым толғанда.  
Ауызбен шайнаң наң берді.  
Аяқта құйып дәм берді.  
Емшектің сүті қалынып.  
Үшке жасым толғанда.  
Топыраққа аунап, күл шашып,  
Жүре бердім барылып,  
Санарап жасым тәрткे кеп.  
Көргеніме жабыстым  
Ата анам қой десе.  
Тіл алмадым шала ұғып.  
Беске жасым толғанда.  
Ойымдағым ойын бол.  
Ойсыз шіркін балалық.  
Тұргандай жоғым табылып.  
Алтыға жасым толғанда.  
Алпып ұшып жүргім.  
Екі екпем тұрды қабынып.  
Жас жетіге жеткен соң.  
Ойын ойнаң құс қуып.  
Бекереге жүрдім сабылып.  
Серізге жасым жеткенде.



Ойыннан тапқан пайдам деп.  
Отырдым бұдан шағылып.  
Тоғызға жасым жеткенде,  
Етек жауып ес біліп  
Ата анаңың тілін ап,  
Жүгіріп жүрдім бағынып.  
Адамға екі келмес балалық шақ,  
Көнілігі түсіреді кәрілік дақ.  
Он жаста ойын ойнаң үйден безіп,  
Еш жерде тұра алмады қылып тағат.

Он бірде ойын болды ойлағаным  
Ойыннан басқа қызық ойламадым.  
Ол күндер қайта айналып келер ме  
екен.  
Құс қылып көбелекті ойнағаным  
Он екіде ес біліп жүрдім шауып.  
Алдағы ісім сияқты емес қауіп.  
Әр іске талап қылып талпынсамда  
Еш нәрсе ете алмадым жөнін тауып.

Он үште ойын ойнаң құс қумадым.  
Ойынға бұрынғыдай бас бұрмадым.  
Шіркін дүние сандалтып саудалтып  
саудаға сап.

Бекініп бір орында бір тұрмадым.  
Он төртте ойлап жүрдім бас  
қамында.

Дүние қандай керек жас шағында.  
Ауыртпалық азаптың бәрі тұрды.  
Әке менен шешенің бастарында  
Он бесте балалық қап алға тарттым,  
Ойланып көп жұмысты бас  
шаршаттым  
Ұстайтын бір жұмысты ақыл болмай

Сонымен өтіп кетті көп уақытым.  
Санаңып он алтыға келді жасым.  
Әмірдің арқаладым ауыр тасын.  
Әр іске талап қылып талпынсамда.  
Кеүілдің таба алмадым мүддесін.

Жас келіп жеткеннен соң он жетіге.  
Келеді деп ойладым кім бетіме.  
Жастық әмір кеүілді алып қашып.  
Бар істі алғандай боп міндетіне.  
Он сегізде бой түзеп кидім кім.  
Сөзіме ұнамайтын салдым тыйым.  
Алдағы аға ініні қадір тұтып.

Халқымның адалдадым құрмет  
сыйын.  
Он тоғыз көздестірді ауыр ойды.  
Жас шіркін керек етер жынын тойды.  
Бір қалыпты өтетін әмір барма.  
Біреуге өрт біреуге дерт қып  
қойды.

Ат болды жиырмада жігіт деген.

Кеүілім бірдей болды бұлтпенен.

Жас шіркін жүріп тұрса неге

мұқтаж.

Алдыңда қайда жүрсөң қызық

деген.

Кеп жеттім жиырмадан жиырма

үшке.

Әркімді шайнасам деп салып тіске.

Жетуғе асық болып жүріп едім.

Алдағы жиырма бес деген күшке.

Жиырма бес тоқтамады кетті өтіп.

Кеп қалды отыз жаста жеделдетіп.

Ол жастар ешнәрсені ойлатпайды.

Мәңгілік тұргандай боп әмір бекіп.

Отыз жас орда бұзар алып екен.  
Ол кезде жүрттың бәрі тәліп еткен.  
Кеп жатыр кезегімен кезек күтіп.  
Әркімге санаулы жас салық екен.  
Бір күні қырық келді һәубетімен.  
Дүниенің жаны барма әуре етпеген.  
Адам көп қадірлайтін қатар құрбы.  
Ол жасты өткізіміз сәүлетпенен.  
Бір күні елу келді ерінбейтін.  
Боламыз әйел қөрсек келін дейтін.  
Алдынан алппы шығып қалады ау  
деп.

Кеүілге қайғы арнайды семірмейтін.  
Бір күні алппы келді арқаланып.  
Күн өтіп жүре тұғын шалқаланып.  
Зең басып көкіректі кез іріндел.  
Айналасы тұрады қанталап.  
Уайым ақыл ойдан әрін женіп,  
Жан жағым жау көрінді анаталынп.

Енді қандай алдында қызық бар  
деп,

Тоқтаттым аттың басын тарта  
қалып.

Сұм әмір жасында алдап шат  
қылады,

Достым деп бұл дүниеге жүрме  
нанып.

Бастан өткен күнімді нақыл  
қылдым,

Кейінгігі жүріндер айта барып.

Бір күні жетпіс келді жетеленіп,

Кеүіл қайда барасын кете беріп.

Ауады қөрінгенге кеүіл шіркін,

Кездескен қош десе де өте беріп.

Жетпіс жас жаман екен  
жетілмейтін.

Қай зат қаяу түсіп кетілмейтін.

Жасында айтқанымды істеу

шеттеп,

Әмірге уақытм бол та өтінбейтін.

Не пайда өткен күнге өкінгенмен.

Енді біз не табамыз бекінгенмен.

Әмірдің түйіні мен байлауы осы.

Сияқты ұшқан тозаң секілденген,

Бір күні сексен келді сенімі жоқ.

Әйтеуір тірлік бар серіп жоқ,

Тірінің есебінен шығарады,

Қашан бізге тиеді телімі деп,

Тоқсан жасты қайтаемін сөзге

қосып.

Мысалы жүрт сияқты кеткен көшіп,

Тірі деген аты бар демесеңіз,

Кеткен адам сияқты әмір өшіп.

Адам жете бермейді жұз дегенге,

Несін керек етеміз іздегендеге.

Жұз деген әмір болып санаlmайды,

Қашан шөпті құл қылар күз

келгенде.

Тағдырдан болған істі көреді мәрт.

Дұшпанға қапалықпен сыр

алдырма.

Дененде жазылмайтын бар

жарқат.

Қапаланған кеүілді көтергелі

Жиналып келіп отыр көп жамағат

Әкпе мен ренішті ойына алма.

Надандардан туысы бір жаудан да

жат.

Іс бабынан бірталай жәбір көріп.

Саяубын істегенін таптың қазат.

Сол жақтан тататын дәм алып

барды.

Жасынды кем қып жазып ауыл

Совет

Тарихтан өткендерді болжаганда

Менінгетсіз тапқан кім бар жан

рахат.

Үәліхан Мұлкіманмен бір жүргенде

Біреуі құйрық біреуі ұшар қанат.

Мұлкаман жолдастыңмен сапар

жүрді.

Денеде болғаннан соң жан аманат.

Алдыңан шығар балаң жол басшы  
боп.

# Біз осы кім болып бара жатырмыз?

«Өкпеге қиса да өлімге құмайтын, дауға жықса да, жауға құмайтын аталы сөзге тоқтаған, баталы сөзге жүгінген ақ жүрек елміз». Бұл бұрынғыларға қарығып айтылған сөз шығар. Ал бүгін біз қандаймыз? Әрине, көпеке топырақ шашудан аулақтыз.

Үлкен деп жүрген кісінің аузынан құны жоқ сөз естісін, «құрдымға бара жатқанымыз ба» деп те ойланады екенсін. Баласы қайтыс болған әкеге, ағайыны осындайды сөз айта ма? Ендеше естіңіз.

«Өлтеген жалғыз сенің баляң ба? басқаның да баласы өліп жатыр фой. Сұмдықай адам баласының айтатын сөзі емес қой мынау. Бірақ айттылды. Бұл жынды адамның сөзі емес, бір кездері ел басқарған, жұрттың аузына қарығып жүрген қария деп айтуға аузым бармайды, бір шалдың айтқан сөзі. «Тойынган ит егесин қабады» деуші еді, бұл әбден мейманасы тасыған адамның сөзі ме, әлде азғындаған елдің кескін-келбетін көрсете ме? Қалай десек те ойланатын-ақ жай.

Бұл жай адам емес, көптің алдына шығып, елде еленіп, жұрттың сөзін айтатын кісінің «уәжі». Баласы өліп, бауыр еті езіліп отырған әке-ге, қара жамылып, қайғықасиер шегіп отырған шаңыраққа әлгі сөзді аузы барып қалай айтты екен?

Әлде, «біреудің етін пышақпен кессең, ол басқа біреуге киіз тілгендей болып сезіледі» деген рас сөз бе?

Біз жастарға өкпелейміз-ата-баба дәстүрін сақтамайды, үлкендің сыйламайды. Иә, үлкендердің үлгі-әнегесі болмаса, айтар есін-еті қалмаса оны кім сыйлайды?

«Улкен илікпесе, кіші сөлем бермейді» деген де сөз бар. Бұл үлкеннің ілтиші-паты болмаса, кішінің мейірімі қайдан болады» деген емес пе? Осыдан кейін кейір шалдарды қария деу-

ге аузың қалай барады, қарттыққа жетсе де, қасиетке жетпеген деп, осындай-ларды айттын шығар.

Ойдан оу туды. Бірде қайтыс болған жерге бардым. Көрісіп, амандасып болған соң, үйге кірдік. Үйде ауыл молдасы мен сол елдің үлкен ақсақалы бар екен амандасып, дастархана отырдық. Үстімізге тағы да 3-4 жігіт келіп кірді. Жән сұрасқаннан кейін, олар Қызылордадан келген сол үйдің жеқіктары болып шықты. Ауыл молдасы меймандарға «шәй ішіп, дәм алып отырыңыздар» деп ізеттілік жасап еді, әлгі сол ауылдың кісісі «тамақ алда-рында тұр өздерің ала беріңдер» деді. Аның айтылған сөзден біз де, жаңағы жігіттерде ыңғайсызданып қалдық. Осы жағдайға байланысты, менің ойыма бір әңгіме тусти. Мен сол әңгімені бастадым.

Баяғы бір Игілік деген бай дастархана тамақ келген кезде «не аштан келдіңдер ме» деп басқаларға тамақ жегізбейтін әдебі бар екен. Содан әлгілер ұялып, тамақ жей алмай қалады екен. Үйден шықкан соң жігіттер, бір сөз білетін кісіге, «біз ұялып ет жей алмадық, ендігі жолы байға бір уәж айтсанызшы» деп өтініш жасапты. Ол кісі «жарайды, ретіне қарай көре жатармыз» депті.

Тағы бірде мал сойылып, ауыл адамдары жиналыпты. Тамақ келген кезде әлгі кісі: «Байеке, осындай тамақ келгенде дәмді иглігізге, қуанышыңыза женіз» деп айтады. Сол игілігі Сіз боласыз, қуанышы біз боламыз дегенде, бай «йә алыңдар, алыңдар» деген екен дедім. Соның үйдегі үлкен кісіге қарап: «Сіз олай дегенше алыстан келіпсіндер, қарындарың ашып, шөлдел келген шығарсындар, шәй ішіп, тамақ алып отырындар» демейсіз бе?- деп едім, шалдың туңі өзгеріп, менің сөзімді дұрыс қабылдаған жоқ.

Елдегі демографиялық жағдайлар жылдар өткен сайын жақсырып келе жатқанын байқаймыз. Ол да болса халықтың, жалпы тұрғындардың әлеуметтік ахуалының аз да болса жақсарғынан болса керек. Қайсыбір тоқыраулы жылдары «өзіміз аш-жалаңа отырғанда қайдағы бала санын көбейтейміз?» деген алдынан көлденен деген шыға беретін жағдай біртіндегі көлмеске кепіп барады. Сондықтан да халқымыздың санын арттыруға зор үлесін қосып жүрген алтын құрсақты аналарды насиҳаттауды үздіксіз жүргізіп отыру елдегі барша басыльмадардың басты міндеті болмак. Осыдан біршама уақыт бұрын алты ұлқызды дүниеге әкелген шолаққорғандық алтын құрсақты ару ана Салтанат Хамитбекқызы туралы мақала жариялаған едік. Бұл жолы да біздің қалам алып, ардақты, кеп балалы аналар туралы жазуымызға себепкер, сол тағы бір Салтанат есімді раңаталық ару ана себеп болып отыр. Алайда бұл Салтанат жеті ұл-қыздарды дүниеге әкелген екен.

Салтанат Сәбетбекқызы 1981 жылы Созақ ауданының Ф.Әнгельс атындағы ірілік сәбеттік шаруашылықты ауылда дүниеге келген. Осы сохвоздағы Ф.Әнгельс атындағы жалпы орта мектебін бітірген.

Салтанат болашақ жары Дархан Қаманхұм мен 2001 жылы танысып, 2002 жылы отбасын құрады. Әмбірек Аружан, Асылжан, Саги, Мағжан, Нұржан, Жанайым, Нұрхан есімді ұлдар мен қыздар келіп, шаңырақтарын шаттықта бөлейді. Балаларының алды жоғары

ге аузың қалай барады, қарттыққа жетсе де, қасиетке жетпеген деп, осындай-ларды айттын шығар.



Белгілі ақын Қадыр Мырзазаевінің мүнадай өлеңі бар:

Жастыым өтті деп не кепрек уайым ғып,

Жігіттік дегенің-қарттықа дайындық.

Жылама, о, досым жігіттік тәмам деп,

Жыла сен қарттыққа дайындық жаман деп.

Жасы ұлғайған адам өзінің ортасында үлгі боларлық қасиеттерімен, тәлім-тәрбие беретін өнегесімен өмір сүруі тиіс емес пе. Біздің бұрынғы ата-бабаларымыздан қалған қасиеттерді сақтап, оны өз ұрпағымыздың ұл-қыздарымыздың санаусына сіндіре беруіміз көрек. Бұрынғылардың үлгісі атадан балаға солай жалғасын тауып келген. Жіптиң бір ұшы қайда демекші, қазір тәрбиенің төмөндігіне біз үлкендер, өзіміз кінәліміз біз екен деп төлдіріміз кейде. Себебі, кейір үлкен кісілеріміз тәрбие мәселе сінен гөрі билікке жақын жүргісі келеді. Солардың беліне қыстырыған шоқпары сияқты, жағымпазданып, биліктің сөзін сөйлеп, ғына жығылады. Әділ сөз айттын жатса мақұлғой, олай емес, басшылардың қорғаштап, оларға тұра сөйлейтін адамдарды

«жығып» береді. Үлкендерге қарсы келмейтін мінезімізді осылайша өз «женістеріне» пайдаланады. Осыдан келіп, тұра сөз айтпайтын жалтак ойдын адамдары пайда болады. Осындағы «белсенді шалдар» ортага зиян келтіріп жатыр ма деп ойлаймын. Сырт көз сыншы келеді емес пе, олардың сол іс әрекеттерін көпшілік ұнатып жүрген жоқ. Бірақ олар өздерінің әлгіндей қылықтарын өздері байқамай жүр.

Кейде маған біздің салт дәстүрімізді басқа ұлттар иемденіп алған сияқты болып көрінеді. Қөршіләріміз орыстардың «Пусть говорят» атты шоу хабары біздің бұрынғы ата-бабаларымыздың көзінде тентекті тезге салып отырғанын еске салады.

Ал, анау қарістердің киносын қараңыз, «Әпке» деген фильміндегі шалдың бейнесі, немесе ата-ененің тәрбие тәлімі балалардың өзара қарым-қатынасы, келіннің үлкендерге салемі-бәрі-бәрі біздің өз ағайындарымыздың қунделікті өмірі сияқты. Кей жағдайда біз өз үрдісімізден көмін жағымыз аз емес қой деп ойлаймын.

Мынау дүрбелен заманда ұрпақтар сабактастыры деген нәрсе өзінің өзегінен ажырап бара жатқан сияқты. Үлкендер жұмыс бастылықты сұлтана етіп, айналасына айтатын әңгімесін, қалдыратын есіметі қалмаған секілді. Сонын бүтінгі жастар ата дәстүрін білмейді, үлкенді сыйламайды деп кінәрат тағуды шығарды.

Олай емес айттар ауыз болса естір құлақ пен ашық көкірек барын көпшілік жастардың бүтінгі бет-бейнесінен көріп жүрген жоқпаз ба? жастарға үлгі болатын, оларға тәрбиелік мәні бар, ұлттық рухта үағызданған дүниелер аз айттып жүр ау деп әкінемін.

Үлгі, өнеге бірінші кезекте

отбасынан, үй-іші тәрбие сінен басталуы керек емес пе? Сол тәлім-тәрбиенің шуғы ағайын, туыс арасына, сонын барып қоғамдық ортаға туследі. Ағайын, туыс бас қосқан жерде ата-баба салтын айттып отыру, ол жа-стардың зердесіне сінетін қасиеттердің бастауы болып табылады.

Бірде бір ағайынның үйіне дәмге жиналдық. Сырттан үйге самауырын кіргізген келін, жоғарыда отырған үлкендерге іліліп сәлем жа-сады. Сәлемін қабыл алған үлкендер «көп жаса» деп ба-та берді. Келін қайта шығып кеткен соң, мен келіннің күйеуіне қарап, «бірінші бізге келіннің сәлем салғанына рахмет, ал екінші көлінге қадірің бар екен» дедім. Себебі қазақта сөз бар, «куйеуіне өкпелеген келін қайнағасына сәлем бермейді» деген. Ол сөзді айтқаным кейір біліндердің үлкендерге сәлем салмайтының еске туырғадім. Қөп ішінде «қану пәленшешін келіншегі үлкенге сәлем салмайды» десек біздікі де әбестік болады. Бұл жерде сыпайылық сақтап «қызыым саған айтам, келінім сен тында» деген құлаққасымыз еди. Есті азamatқа бұл сақа барса керек.

Иә, ешкімді кейіп, ұрыс-пай-ақ кемшилігін астарлап жеткізсөн, ол да үлкеннің өнегесінің өрелігін көрсетеді. «Ақыл айтқан кім дерсін, мен де өзіндей пендемін» демекші, ойда жүрген пікірімді көпшілікке жеткізсем деген мақсатым еди. «Қөргені жақсы көш бастайды» деген, айналымызда, өмір сүріп жатқан ортамызда адал адамдардың үлгісі жастарымызға жақсы қасиеттер береді деген сенімдемін.

Үлайым солай болғай!

**Сағынтай МУСАБЕКОВ,  
Созақ ауданының  
Құрметті азаматы,  
Еңбек ардагері.**



оку орындарының студенттері, ал қалған төртеуі ауылдағы Батыма Батырбекова атындағы жалпы орта мектебінде білім алуша. Барлығы шетінен оку озаттары.

Бәрі де үлкен отбасы атандып, бір ғана қасиетті қара шаңырақтың астында тұрып жатыр. Жұбайы Дархан Жақсыбаев отбасының барлық жүгін көтеріп, тынбай, мандай терімен, адаптейтімен жүрген адам жан. Ол «Қазатомөнеркесіп» ҰАК қарасты «Оңтүстік-волковгеология» өндірісті мекемесінде вахталық жұмыс атқарады. Салтанатта жеті ұл-қыздарды дүниеге әкелген екен.

Салтанат ат-әне, ауылдағы шоқтардың шаңырақтарында беріп келеді. Салтанат көп балалы отбасынан шықкан қызы болғандықтан өз отбасының да көп балалы болғанын қалайды. Салтанат аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың бірнеше «Алғыс хаттарымен» маралаптатып, ардақты аналармен бірге аудан басшысының қабылдауында болды. Өткен жылдардың «Наурыз» мерекесі қарсаңында «Алтын алқа» алқасын тақты.

«Жаратқанға шүкір, бақыттымын! Енем ете жақсы адам. Алғаш келін болып түскенінен білгенін үйретіп, отбасының үйшіктысы болып отырған қадірлі кісі. Отбасында, жұмысымды шексіз сүйемін. Отбасынан жеткенде асығамын. Осы жақсылықтар мен қуаныштардың барлығы ата-әне, ауылдастарыма барынша адал қызмет етіп, сол жасы үлкен кісілерден алған ақ алғыс пен батаның арқасы деп білемін. Балаларымыздың жастайынан еңбекке баулыды. Ертең есекенде қынталмасын деп ұлдарды да қора-қопсы, құрылыс, отын-су сияқты жұмы

Жаздың апталты шілдесі мен шілінгір күндөрі көптеген жеке азаматтар болсын, ұжымдастар болсын ұйымдастып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйым-

олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеулі өсепсіз сыйндыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сыйнды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жаса-

## Алқапқа абай болыңыздар

дастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірледі жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның салдарынан таулы аймақта, орманды тау баурайларында, тіпті тәменгі өзен салапарында орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортага өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамаудағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анатың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар таралынан жіберіліп отырған

лып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жаңуарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен белініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі

жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындағы қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніүне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көніл белсек, өзіміздің Жер-Ана-мұздың алдындағы үлкен парызың орындалғаны болар еді.

**Нұрдәүлет КЕЛЕР,**  
**Созақ орманшылығының**  
**орман шебері.**

## Құрметті коледж және жоо бітіруші курс студенттері!

Ұлттық біліктілік тестілеудің «педагог» санатына шекті балл өзгеріссіз қалды.

Оқу пәнінің мазмұны бойынша 35 балл, «Педагогика, оқыту әдістемесі» бөлімі бойынша 15 балл жинау қажет.

«Педагог» санатына тәжірибелі жоқ кандидаттар, коледж және жоо бітіруші курс студенттері тапсырады. Тіркелу барысында «Педаго-

гиқалық бағыттар бойынша ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары (бакалавриат-күндізгі, бакалавриат-қысқартылған, магистратура)» батырмасын таңдау қажет.

Екі мүмкіндігін де қолданып, шекті балл жинай алмаған бітіруші түлектер ҰБТ-ны (НКТ) шілде айында үшінші рет тапсыра алады.

Сәуірде өткен тестілеуде нәтижесінде жойылған студент-

тер шілдедегі тестілеуге қатыса алады.

Тіркелу 28 маусымда басталды. Тестілеудің өзи 11-29 шілде аралығында өтеді.

**Аққайын АБДИЕВА,**  
**Ұлттық тестілеу орталығының Туркістан облысы Шолаққорған ауылындағы филиал басшысы.**

### Жұмақтан болсын мекенің...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймақта қадрлі жан

**Жарымбетов Есей Насырұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Жанға бермес біртуарым, еренім,**

**«Ел ағасы – Есей атқа еге едің».**

**Жан әкем-ау, жанға батып жоқтығың,**

**Жыл өтіп-ау іздегелі әuletін.**

**Сен кеткелі жанарлар да жылап тым,**


**Жігеріміз кетті сыйнап сұлап мың.**

**Жан әкешім, жаның болғай әрқашан,**

Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың, - деп, әкеміз **Есей Насырұлының** рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жеқжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 10 шілде күні (9 шілде – қонақ асы, кешкі сағат 19:00-де) Шолаққорған ауылы, Жамбыл қәшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

**Асқа шақыруышылар: Жарымбетовтер әuletі.**



Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық қесіподагы ұжымы адами әлеуетті дамыту бөлімінің есепшісі Райымова Рязяға ағасы

**Қожамұраттың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық қесіподагы ұжымы және ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Аюбекова Қатираға енесі **Оспанқызы Бибігулісінің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Созақ аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы осы мекеменің қызметкері өкесі **Райым Қожахметке Әкесі**

**Қожамұраттың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

## Өтті өмірден бір тұлға....



Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Айдарбеков Бағдат Бегманұлы 60 жасқа қарабан шағында өмірден озды. Созақ ауданының мәдениеті мен өнері саласында аудан халқына қалтқысыз қызмет еткен абзал азамат ортамыздан бақылық сарнға аттанды. Бағдат Бегманұлы 1962 жылы Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Шымкент педагогикалық институтын бітірген, 1986 жылы ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары, 1992 жылы №14 мектеп интернат директорының орынбасары, 1995 жылы №14 мектеп интернат директоры, 1998 жылы «Алпамыс» ЖШС директорының орынбасары, 1999 жылы аудан әкімшілігінің бұқаралық ақпарат және мәдениет, тілдерді дамыту және реформаны насиҳаттау секторының меншерушісі, 2001 жылы аудан әкімшілігінің мәдениет және жастар ісі бөлімінің меншерушісі, 2005 жылы аудандық мәдениет және жастар тілдерді дамыту бөлімінің меншерушісі, 2006-2010 жыл аудандық ішкі саясат бөлімінің меншерушісі, 2010-2016 жылға дейін аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, 2016 - 2022 жылғы 30 мамырға дейін аудан әкімінің орынбасары, 2022 жылғы 30 мамырдан Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы қызметін абырайлы атқарды. «Өлді деуге бола ма айтындаршы? Өлмейтұғын артында сөз қалдырган» дегендегі өзі қызмет атқарған жылдар ішінде ауданымыздың мәдениеті мен білімі саласында өшпес із қалдырган аяулы азаматтың жарқын бейнесі мәнгі есімізде қалатын болады. «Тас түсін жеріне ауыр» демекші Айдарбековтер отбасына қайғыларына ортақтасып көніл айтамыз.

Аптал азаматтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаңы жаңната болсын! Алды пейіш, арты кеніш болсын!

**Мұхит ТУРЫСБЕКОВ,**  
**Бегімбет БАЙФАРАЕВ,**  
**Бекзат ЭЛМАҒАНБЕТ,**  
**Қалдыбек ОРАЗОВ,**  
**Ақәділ САТЫБАЛДЫ,**  
**Ахат БАКИРОВ,**  
**Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ.**

## Өтті өмірден от жүректі бір адам

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ыл, асыл бауыр, қимас жар, асқар таудай әке **Айдарбеков Бағдат Бегманұлының** бұл пәні жалғаннан ақиқи өмірге аттанғанына бір аптаңын жүзі болды.

**Өтті өмірден от жүректі бір адам,**  
**Тұыс, бауыр, дос-жараны қимаған.**  
**Кішіпейіл, ізетті еді жалғанда,**  
**Жан-жағына шуақ нұрын сыйлаған,**  
**Анасы отыр қабырғасы қайысып,**

Асқар тауы қандай қыын құлаған,-демекші марқұм басырымыз Айдарбеков Бағдаттың рухына бағыштап 2 шілде қонақасы –Т.Аймұраев көшесіндегі өз шаңырағында, 3 шілде жеті күндік асы- Шолаққорған ауылындағы «Нұраман» дәмханасында күндізгі сағат 13-00-де өтетінін ағайын-туыс, құда-жеқжат, бауырымыздың көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

**Асқа шақыруышылар Айдарбековтер әuletі.**

Аудан әкімі, аудан әкімі аппараты, аудандық мәслихат Созақ ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

**Айдарбеков Бағдат Бегманұлының** қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Созақ ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұжымы осы бөлімінің басшысы

**Айдарбеков Бағдат Бегманұлының** қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Аудандық «Созақ үні» газетінің ұжымы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, газет жанаңыры

**Айдарбеков Бағдат Бегманұлының** қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық қесіподагы ұжымы және «Қарақұр» жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Бейпенов Қайратбекке анасы

**Жұмакұлдің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық қесіподагы ұжымы және ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Аштарханова Раушанға жұбайы

**Бағдат Айдарбековтің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық қесіподагы ұжымы осы мектептің маманы Қараулов Ержанға жездесі

**Қожамұраттың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

(Соңы. Басы өткен сандарда)

-Қай жерге үй тігетініңді айтып адам жібер. Қауіпсіз, көрінбейтін жер болсын, - деді. Жанәділ қайтып кетті. Кеткен соң ерлі-зайыпты бір туыс інімді, бір киіз үймен Балықшының үстіндегі «Таза бұлақ» деген жер бар, соған көшіріп апарды. Ол жерден ештеме көрінбейді. Талдары да бар. Әдемі саздауыт жер. Жанәділге хабар

мы Сейфолланың Садуақасы (Сәкені) деген соң, көрейік танысайын, бір жағы Сәкен жайлышты естуім де бар еді деп келсем, Сәкен екі аяғын айқастырып, домбырасын шертіп шалқасынан жатыр екен. Сәлем берген маған бұрылып та қарамады. Соңын ішімнен мынауың бір «кесапат» екен ғой деп шығып бара жатқанымда, Тоқабай келіп қалды. Ол жалынып, жалпайып, қояр-

күн болды. Шақырушуылар көбейді.

Шешем Уайша сол Құлдан әжінің қызы, сол кісі деп Сәкенінді көрдік. Біз онда он жасар қызы едік. Біздің ауылда өлең айтып, алтыбақанға қатысып, екі-үш күн Алтынтауда болған еді. Өзі де бір келісті сұлу әнші жігіт екен. Қасындағы келіншегі де шашы ұзын, сұлу жан. Біздермен бірге алтыбақан теүіп бірге жүрді. Әлгі Сәкен де-

жібердім. Саған осы атты сыйладым, - дедім. Сәкен риза көңілмен кеткенше сол ақ боз атқа мініп жүрді, - деді.

Тамақ дайын болып дәмге отырдық. Дәмнен кейін Жанәділ болыс барлығымызға істеген қызметтерімізге раҳметтін айтты. Сол жерден барлығымыз елімізге қайттық. Жақсыбай, Әлдібай үшеуіміз елге келіп,

де елге қайтуға ұлықсат қағаз алып, Нартай ақын қайтып келді. Содан елге қайттық. Біз елге 1938-1937 жылдары келіп күнгейде отырғанымызда, Сәкен халық жауы болып ұсталды. Содан біз бұл әңгімені айтуда болмайды деп тілімізді тістеп келді, - деп отырған інілеріне баяндаған берді.

P.S. Ана ертіп кеткен Меруерт қызыға Сәкен үйленген,

# ӘЙГІЛІ ӘННІҢ ТАРИХЫ

## Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» атты әні туралы

жібердім. Үйді тігіп, барған адамға ас-ауқат, қазан-ошақ ұйымдастырып болған кезде, тұс қайта екі түйеге жүк артып, Жанәділ де келді. Ол да адамдарын ерте келген екен. Үйді тіктік. Жанәділ төсек орын да қамти келіп. Мен тез Созаққа келіп, Сәкен мен қасындағы қызды ертіп, түнделетіп әкеп орналастырыдық. Мен бір міліса мен екі адамды қарауылға қойып кеттім. Бейсауыт ешкімді жолатпаңдар, - дедім. Орналастырып болып, кетер кезде Сәкен:

-Мына қыздың аты Меруерт деп, Жанәділге мән жайды түсіндіріп берді. Жанәділ:

-Бұл жерде жата берсең, еш жерге сыймайсың елге жүріп, біраз күн кеуілінді бөл,- деп шақырып кетті. Таңертен оншақты аттылы келді. Кешегі келген жолаушылар мен әйелді іздеп келіп. Дереу Жанәділге хабар жіберіп, оларды басқа үйге түсіріп, мейман етіп күттім. Мен міліса киімім болған соң қаймыққан да болу керек. Кешке дәм берер кезде қасында бірталай жігіттері бар Жанәділ болыс келді. Олармен әңгімелесіп, Жанәділ болыс оларға осы келген іздерімен кейін қайтындар деді. Мен еліме келген мейманды ұстап беретін тексіз, жөнді білмейтін адам емеспін. Елдеріңе айта барындар. Ол адамдар менде, менің мейманым, - деп оларды ертесіне қайтарды. Олар Жанәділден аса алмады ма? Жоқ, менің міліса екенінен қаймықты ма? Не болса да іштерінен тыныш қайтып кетті.

Жанәділ болыстың айтқаны.

Тоқабайдан хабар келген соң, оның үстінен өкімет ада-



да-қоймай қайта үйге кіргізді. Кірсек түрегеліп отыр екен. Тұрып амандасты. Отрып әңгімелестік. Шай іштік. Тоқабайға бұл жігітті қашан хабар келгенше жасырын ұстайық. Қемек берейік. Түркістанда ақ пен қызыл соғысып жатыр деп естіміз. Заманың не боларын қайдан білеміз, - дедім. Ауылға келіп дұрыс киіз үй, көрпе төсек, соғыс малын алып «Таза бұлаққа» орналастырыдық. Екі күннен кейін келіп ертіп кеттім. Қасындағы қыз да бірге болды. Ауылға әкеліп мейман етіп күттік. Жаңастар алтыбақан құрып, Сәкеннің біраз әнін тұндастырық. Мен Сәкеннен көп әңгімелестім. Басынан өткенінің бәрін айтып берді. Көрши ауылдарды да шақырыдық. Құлдан әжінің аулы жақын еді. Олар да келді. Үш-төрт күн қарақұра болды. Құлдан әжі қонақша шақырыды, ол үйде де екі-үш

ген жігіт ағасы көбінесе атам Құлданмен көп әңгімелесетін. Не айтатынын білмейміз. Ауық-ауық Жанәділ болыс, міліса келіп кететін, -деп отыратын.

Анда-санды Тоқабай хабар алғып, келіп кетіп жүрді. Бір күні Тоқабай бәріміз отырғанда Сәкен Құмкенттегі Шәді төрені, Мәлік төрені сұрады.

-Әкем Сейфолла Қаратаяға барсаң, Шәді төре мен Мәлік төрөгө сәлем бер деп еді. Әзір уақытым барда, хабаршы келгенше, соған барып қайтсам,-деді. Тоқабайға барып сәлем беріп келуіне жағдай жаса, - дедім. Тоқабай екі күннен кейін келіп, ертіп кетті. Қасындағы қызды Та забұлаққа тігуі үйге қалдырып кетті. Тоқабай қасына екі жігіт қосып жіберетін болды. Кетерінде өзімің мініп жүрген ақ боз жорғамды ер-тұрманымен мінгізіп

Амантай көрияға бардық. Болған жайды айтып бердік. Бұл әннің мәнісі осы. Сәкеннің өз аузынан естіп едік. Бұл мәселеңі Сәкен халық жауы болып ұсталғаннан кейін айтуда, Сәкенде көрдік деуге де шамамыз болмады. Оған дейін өзіміз халық жауы болып, Созақ кетерілісінің кесірінен ел-ауып, жер ауып, құғын-сүргінге ұшырадық. Бірақ Сәкеннің біз Қырғыз Алатауына барып панағаған кезімізде, Жанәділ болысқа да, бізге де пайдасы тиіп, жоғарғы өкіметтің басында отырғанда Нартай ақын арқылы көмектесті. Нартай ақынның ағасы Мәді бізben бірге сол Қырғыз Алатауында еді. Ол да өз еліндегі кетеріліске қатысып, қашып көшіп келген екен. Нартай ақыннан Жанәділ болыс хат жазып жіберді. Бір айдан кейін Жанәділ болысты да, бізді

Түркістанда біраз тұрған сыйылды. Кейін оның бәрін Тоқабайдан естідік. Тоқабайдың өзі де 1938 жылы құғынға ұшыратты. Сәкеннің құйыршығысың деген. Ол Алматыға барып, содан құтылып келді, беріде 1954 жылы елге оралды. Мына менің билетінім.

Кейін 1960-70 жылдары Шымкентте Сәкен Сейфуллинге кинотеатрдың атын береді. Сонда бір реңді келген әйел сол кинотеатрдың алдында азаннан-кешке дейін көзін орамалмен сұртіп отырады екен. Сәкен Қызылордаға ҚазЦиктің терағасы болып кетерінде Меруертті қызытып, жұмысқа тұрғызып кеттіп. Кейін Сәкен ұсталғанда туыстарын тауып, Шымкент қаласына қоюыс аударыпты. Сәкенді билетіндер сол кезде Меруертке үй әперіп, қызметке де кіргізген көрінеді. Бірақ ол Сәкеннен кейін еш тұрмыс құрмапты, - деп естідік. Оны бір билетін адамдар айттын еди. Рас шығар дедік.

И! Бұл ән біздің Теріскейге ескерткіш ән болып мәңгі қалды. Қазақ тарихында тарихи ән десе де болады. Созақ елін әлемге танытқан «Шилі өзен» әні мен Сәкеннің «Тау ішінде» әні болса, одан кейінгі Шәмшінің атақты «Теріскей» әні.

Мен өз құлағымен әкемнен естіген шындық осындағы әндіді еді. Әркім естігенін ұзынқұлақтан жазса, көзін көріп, өз құлағымен естіген, күе болған адамның әңгімесі осындаі.

**Рахманберді**  
**ЖАППАРҚҰЛУЛЫ**  
**тарихшы, өлкетанушы**  
**Түркі әлемі жазушылар**  
**одағының мүшесі.**

Сенімгерлік баскаруши:  
**"Agro-sozak" ЖШС**  
Меншік месі-  
"Созақ үні" газеті редакциясы  
жауапкершілігі шектеулік серіктестігі  
Директор:  
**Абильпаттаев Ержан БАҚЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактордың міндетін үакытша атқарушы:  
**Жауапты ҳатшы: Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:  
Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДЕУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Төрміш-  
**Багила АЯЗБАЕВА**

Колажбалар өндөледі, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнна және өздері ақелген сүреттің сапасына жауп бермейді. Кей сүреттер интернетten алынды. Компьютерлік беттен екі жарып беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қантар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, акпарат агенттігін және жөлпік басылымын есепке кою, қайта есепке кою туралы №17391-Г күзделіп берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында берілген, беттегілді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта атласына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолакқорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы теленген

тапсырыс №  
таралымы -  
4000 дана

Кезекші редактор:  
М.Қарғабай.